"Ақүйік ауылдық округінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті туралы" Жаңақорған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 407 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 544 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 желтоқсанда № 7824 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 109-1-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Жаңақорған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Ақүйік ауылдық округінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті туралы" Жаңақорған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 407 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7207 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 21 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Ақүйік ауылдық округінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 149 501 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2 429 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттер түсімдері – 147 072 мың теңге;

2) шығындар – 150 222,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0:

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0:

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0;

7) бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары – 721,2 мың теңге.".

Аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Жаңақорған аудандық мәслихатының кезектен тыс LV сессиясының төрағасы *Р. Кутибаев*

Жаңақорған аудандық мәслихат хатшысы *Е. Ильясов*

Жаңақорған аудандық маслихатының
2020 жылғы 30 қарашасы № 544
шешіміне қосымша

Жаңақорған аудандық маслихатының
2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 407
шешіміне 1-қосымша

Ақүйік ауылдық округінің 2020 жылға арналған бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
			I. КІРІСТЕР	149 501
1			Салықтық түсімдер	2 429
	01		Табыс салығы	278
		2	Жеке табыс салығы	278
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 151
		1	Мүлікке салынатын салықтар	79
		3	Жер салығы	192
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 880
4			Трансферттердің түсімдері	147 072
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	147 072
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	147 072

Фнкционалдық топ					Сомасы, мың теңге
	Функционалдық кіші топ				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Атауы	
				II. ШЫҒЫНДАР	150 222,2
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қыметтер	27 259

	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	27 259
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	27 259
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	26 368
			032	Ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің және ұйымдардың күрделі шығыстары	891
04				Білім беру	82 090
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	82 090
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	82 090
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық	41 170

				қызмет көрсетуді ұйымдастыру	
			041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	40 920
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	5 503
	2			Әлеуметтік көмек	5 503
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5 503
			003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	5 503
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	11 797,2
	3			Елді-мекендерді көркейту	11 797,2
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	11 797,2
			008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	2136,2
			009	Елді мекендерді санитариямен қамтамасыз ету	500
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	9161
				Мәдениет, спорт, туризм және	

08				ақпараттық кеңістік	23 573
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	23 325
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	23 325
			006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	23 325
	2			Спорт	248
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	248
			028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу	248
				3. Таза бюджеттік кредит беру	0
				4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
				6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	0
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	721 ,2

	01			Бюджет қаражатының қалдығы	721,2
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	721,2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК